АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Tilshi.Net интернет-басылымы мен оның цифрлық платформаларында сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бағалары мен шарттары туралы

Tilshi.Net интернет-басылымының редакциясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы аясында сайлауалды үгіт материалдарын дайындау және орналастыру бағалары мен шарттарын хабарлайды.

Қызметтердің бағалары

Қызмет түрі	Бағасы
Tilshi.Net сайтында ақпараттық материал жариялау	150 000 теңге
Tilshi Instagram аккаунтында (@tilshi.net) жарияланым орналастыру	15 000 теңге
Сұхбат дайындау	100 000 теңге
Подкаст дайындау және жариялау	300 000 теңге

Қызмет көрсету шарттары

1. Сайлауалды үгіт материалдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сайлауалды үгіт жүргізу кезеңінде ғана орналастырылады.

2. Қызметтер барлық тіркелген кандидаттарға бекітілген бірыңғай бағалар бойынша тең жағдайларда ұсынылады.

3. Материалдарды дайындау және орналастыру кандидаттың жазбаша өтініші мен жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

4. Қызмет ақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті сайлау қорының қаражаты есебінен төленеді.

5. Барлық материалдар Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес келуге, оның ішінде тапсырыс беруші, дайындаушы және қаржыландыру көзі туралы міндетті мәліметтерді қамтуға тиіс.

6. Ақылы үгіт материалдары «Сайлауалды үгіт» деген белгімен орналастырылады.

7. Материалдардың жарияланатын күні мен уақыты барлық кандидаттар үшін тең жағдайларды сақтау қағидатына сәйкес редакциямен келісіледі.

8. Сұхбат дайындау қызметіне сұхбатты ұйымдастыру, өткізу және редакциялық өңдеу кіреді. Оны жариялау платформасы мен шарттары шартта айқындалады.

9. Подкаст дайындау қызметіне жазуды ұйымдастыру, бейнетүсірілім, монтаждау және дайын шығарылымды Tilshi-дің цифрлық платформаларында жариялау кіреді.

Редакция туралы мәліметтер

БАҚ атауы: Tilshi.Net интернет-басылымы

Меншік иесі: «Tilshi» жеке кәсіпкерлігі

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 58, 1-корпус, 40-кеңсе

Электрондық пошта: askaraktobe@gmail.com; tilshi.media@gmail.com

Байланыс телефоны: +7 778 523 44 96

Ресми сайт: https://tilshi.net



«Тілші» ЖК жетекшісі: Асқар Ақтілеуов